Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының
«Қостанай қаласы білім бөлімінің
С.Мәуленов атындағы гимназиясы» КММ

**2025-2026 оқу жылында құрылған**
**«Жүректен жүрекке» еріктілер клубы үйірмесі бойынша**
**ІІІ тоқсан бойынша есеп**

2025-2026 оқу жылының ІІІ тоқсанында оқушылардың жобалық қызметі жүйелі түрде ұйымдастырылып, олардың әлеуметтік белсенділігі мен көшбасшылық дағдыларын дамытуға бағытталды. Тоқсан барысында жалпы 36 сағат қамтылып, әр апта нақты бір тақырып аясында жүргізілді.

Волонтерлік жобаны жоспарлау жұмыстары жүргізілді. Оқушылар жобаның мақсатын анықтап, міндеттерін белгіледі, сондай-ақ жұмыс кезеңдерін жоспарлап, жауапкершіліктерді бөлісті. Бұл кезеңде оқушыларда жоспарлау және топта жұмыс істеу дағдылары қалыптасты.

«Жүректен жүрекке» қайырымдылық акциясы ұйымдастыру жұмыстары өтті. Оқушылар акцияның форматын анықтап, қажетті материалдарды дайындады, жарнама жұмыстарын жүргізді.

Қайырымдылық акциясы өткізілді. Іс-шара барысында оқушылар белсенділік танытып, жиналған заттарды мұқтаж отасылармен алалар үйіне бағыттау туралы шешім қабылдады. Бұл оқушылардың әлеуметтік жауапкершілігін арттырды.

Клуб бастамалары аясында шағын жобалар жүзеге асырылды. Оқушылар өз идеяларын ұсынып, оларды тәжірибе жүзінде іске асырды.

Қоғамдық серіктестермен кездесу ұйымдастырылды. Кездесу барысында оқушылар қоғам өкілдерімен пікір алмасып, болашақ бірлескен жобалар туралы келіссөздер жүргізді.

Ортақ жобаға дайындық жұмыстары жүргізілді. Жоба жоспары нақтыланып, қажетті ресурстар анықталды.

Бірлескен жоба іске асырылды. Оқушылар серіктестермен бірге жұмыс істеп, нақты нәтижеге қол жеткізді.

«Жыл волонтері» байқауына дайындық жүргізілді. Оқушылар өз жетістіктерін жинақтап, портфолио әзірледі.

«Менің жобалық тәжірибем» тақырыбында рефлексия өткізілді. Оқушылар өз тәжірибелерін талдап, жетістіктері мен қиындықтарын саралады.

**Қорытынды:**

ІІІ тоқсан барысында оқушылардың жобалық және волонтерлік қызметке деген қызығушылығы артты. Олар топпен жұмыс істеу, жоспарлау, ұйымдастыру және жауапкершілік алу дағдыларын меңгерді. Жүргізілген жұмыстар оқушылардың тұлғалық дамуына оң әсерін тигізді.






















Әлеуметтік педагог А.Бекбаева